де болса жорықтар болу қаупі болатын. Міне, осы тұста сыртқы жауға тойтарыс бере алатын және бүкіл қазақ елін соған жұмылдыра алатын жалғыз тұлға Қасым хан еді. Сыр өңірі үшін болған күрестерде жинақталған тәжірибе мен атак-абырой, қолбасшылық пен ұлы билеушілік дәреже, хан әулетінің өкілі болуы Қасым ханды қиын-қыстау жағдайда қазақ елінің ең ірі мемлекет қайраткеріне айналдырады.

Мұны сол кездегі тарихшылар да аңғарған. Мысалы, Мұхаммед Хайдар мырза Дулати: «Қасым ханның күшінің өскендігі соншалықты, Бұрындық хан туралы ешкім де ойламады» және

Оңай жеңіске масаттанған жау қаннен-қаперсіз бірнеше күн бойы Ордада тойлайды. Осы тұста Қасым хан батырларын қарсы шабуылға шығарады. Қазақтардан мұндай қарсы әрекетті күтпеген жау әскері ешқандай қарсылық көрсете алмай, бас сауғалап қашуға мәжбүр болады. Қазақтар жауын Ұлытаудан Сыр өңіріне дейін қуып, Сығанақ түбінде тасталқан етеді. Шайбани хан әскерінің қалдықтары деректерде жазылғандай, қорыққанынан арттарына қарауға мұршасы келмей, Самарқанға дейін ешбір жеңілістің дәмін татпаған Шайбани хан әскері Қасым хан



«хандықты басқару мен ондағы бүкіл билікті қолына алды», — деп жазады.

Шайбани ханның келесі жорықтарынан хабардар болған Қасым хан оған алдын ала әзірленеді. 1510 жылғы Шайбани ханның соңғы жорығында Қасым хан өз Ордасын ішкері қарай, Ұлытау маңына қондырады. Ордада аз күш қалдырып, негізгі күшін кейін шегіндіреді.

әскерінен 1510 жылдың қысы мен көктемінде осылай жеңіледі.

Қасым ханның Шайбани ханды жеңуі оның рөлін одан әрі өсіреді, ал қазақ жұрты алдында беделінің жоғалғандығын көрген Бұрындық 1511 жылы Мәуереннахрға кетеді. Ешбір деректе жазылмаса да, осы жылдан бастап Қасым ханның ресми хандық дәуірі басталады.

Қасым хан Қазақ хандығында 10 жыл (1511- 1521 жж) отырды. 1513 жылы Сайрам қаласы Қазақ хандығының құрамына соғыссыз енгізіледі.

1517 жылдан бастап Қасым хан күш-жігерін батысқа Жайық, Еділ бағытына жұмсайды. XVI ғасыр басында екі өзен аралығындағы Ноғай Ордасы ауыр-саяси дағдарыста болатын. Ноғай мырзалары билік үшін өзара күресте мемлекетті толығымен ыдыратып, бір-біріне бағынбайтын, дербес иеліктерге бөлініп кеткен еді. Ноғай мырзаларының өзара күресінен әбден шаршаған рутайпалар қазақ этносына қосыла бастайды. Этникалық бірігу сая-си тұрғыдан қолдауға ие болды. Қазақ ханы Қасым хан мұнда да көрегендік танытып, қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасуы үрдісін соғыссыз, бейбіт түрде жүзеге асырады.

Ортағасырлық тарихшылар қазақ хандары ішінде Қасым ханнан басқа ешкімге көп баға берген емес. Захир ад-дин Бабыр: «Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде 300 мың адам болған», — десе, Мұхаммед Хайдар мырза Дулати: «Ол Дешті Қыпшаққа толық билігін таратты, оның халқы миллионнан асты. Жошы ханнан кейін бұл жұртта дәл мұндай күшті хан болған жоқ», — деп жазады. Ал Қадырғали Жалайри болса: «Жәнібек хан ұлдары ішінде аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысына патшалық етті. Төңірегіндегі уалаяттарды өзіне қаратты», — дейді. «Қасым хан Дешті Қыпшақ аймақтарында өз билігін күшейткені соншалық, оның әскерінде 200 мыңнан аса адам болды», — деп Махмуд ибн Уәли баяндаса, Хайдар Рази: «1515-16 жылдары Қасым хан Жошы ұлысын тәртіпке келтіргендігі сондай, бұдан артықты көз алдыңызға елестету мүмкін емес, оның халқының саны миллионға дейін жетті», — деп хабар береді. Ал Гафари деген тарихшы: «Қасым хан Дештінің ханы бол-ды. Шайбани хан екеуінің арасында кикілжіңдер болып, 1509-1510 жылдары Шайбани хан оған қарсы аттанды, бірақ жеңіліс тапты», — деп жазады.

Қасым хан билігінің соңғы жылдары Қазақ хандығының ең күшейген, нығайған жылдары болды. Біртұтас саяси, рухани, мәдени, экономикалық, тілдік кеңістіктер ортақ құқықтық кеңістікті де қажет етеді. Соған байланысты Қазақ хандығында ортақ заң қабылданады. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған заң Қазақ хандығында біртұтас құқықтық кеңістіктің болғандығын көрсетеді.

Қасым хан 1521 жылдың қысында қайтыс болып, Сарайшықта жерленеді. Оның ұлдары ішінде Мамаш хан мен Хақназар хан билікте болып, тарихта қалған.

Берекет КӘРІБАЕВ,
Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

(Басы өткен сандарда.
Жалғасы бар)



«КІТАПТЫ ДА ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННАН ОҚИМЫЗ...»

2-курстағы бір топ «ҚазҰУ студенті оқуы тиіс 100 кітап» жобасы бойынша «Мен оқыған бір кітап» тақырыбында эссе жазды. Студентпен танысуың тиімді бір тәсілі. Шығармадан олардың тұлғалық деңгейі, кітап оқуға деген ынтасы, мамандық бағыты тұрғысында біршама дерек алу мүмкіндігі бар.

Семинар сабақтар барысында ашыла бермейтін қырлары мен сырлары қылаң беріп қалатын 2-3 беттік шағын эсселерді ақтарып-төңкеріп бірнеше рет оқып шықтым. Тым әсерлі, қызу ынтамен, қызық жазылған дүниелер.

Шағын эссені «Кітапты да ұялы телефоннан оқимыз, бірақ мен бұған еш үйрене алар емеспін... Қолға алып оқыған кітапқа ештеңе де жетпейді» деп, кітап оқуға деген ынтамыздың бәсеңдеп кетуіне аландаушылықтан бастаған Индира Орынбаева – Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ілияс Есенберлиннің, Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларынан алған әсері, осы туындылардың мән-маңызы туралы ой қозғапты. Қазақ әдебиетінің құнын білетінін жеткізе жазады. Шет ел әдебиетінен де хабардар екен.

даласының таулары мен өзендері, көлдері мен кендері, қалалары мен ауылдары әрқайсысы өз жерінде, өз орнында, өз қасиеттерімен құнды, қажет екені секілді «Қан мен тер» трилогиясы да атақты романдар қатарында өзіне тән ерекше де айрықша қасиеттерімен қымбат», – депті ол.

Ғалия Айтжан Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы ерлік, елдік дәстүрлерге зер салған. Жазушының қазақ қыздарының сұлулығы мен батылдығын айрықша әсермен ашу шеберлігін саралайды:

байламдарға баруға тәуекел етеді. Жазушының «Атау кере», «Қауіпті будан» шығармаларының көркемдік құпияларын өзіндік пайыммен өрелі әдебиеттанушылық бағытта саралау батылдығы көңіл аударарды.

Гүлім Лепесбай Төлеген Айбергеновтің жыр жинағынан алған әсерлерімен бөліседі. Өзіне негізінен өмір суреттері, тіршілік, құбылыс, құпиялары, әділдік пен әділетсіздіктің арпалысы, махаббат сезімі жазылған кітаптар ұнайтынын айтады. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесін қайталап оқып жүреді екен. Алғашқы әсері еш суымаған, оқыған сайын қайта жаңғырады. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын қазір оқып жүр. Басында күрделі көрінгенімен, баға жетпес құндылығын сезінеді.

Гүлім Сұлтанмахмұт Торайғырұлының «Қамар сұлу» романына айрықша тоқталған. Жалпы әйел сезімі, әйел тағдыры, оның көркем шығармалардағы шынайылық шешім табуы тұрғысында тұрлаулы ойлар айтады.

Гүлдана Мұхитова кітаптың тіл байытудағы ықпалы, рухани сұлулық әлемі туралы толғамына Джоан Роулингтің «Гарри Поттер» шығармасын арқау еткен екен. Шығарманың жанрлық көпқырлылығын баяндайды. Балалар әдебиеті туындысы мәніндегі мәртебесіне уәж айтады. «Гарри Поттер – балалық не балалықтың символы емес, бұл мейірімділіктің қара күшті жеңетінінің символы», – дейді.

Айғаным Арсенқызы Сесилия Ахеридің шығармаларын ұнатып оқитынын айтқан. «Мен сені сүйемін» романын тәп-тәуір тарқата талдапты. Шығарма желісі бойынша түсірілген фильмге қатысты да өзіндік ойы бар.

Мөлдір Момышеваның «Абай жолы» роман-эпопеясына тоқталуында зер саларлық тұстар бар. «Бұл роман түгелдей дерлік Абайдың өміріне арналған. Маған салса ең ұзақ, ең көркем автобиография деп атар едім... Әуезов өзінің төрт том «Абай жолы» арқылы бүкіл дүние жүзіне, өз отандастарына, керек десеңіз, тіпті, қазақтардың өзіне қазақ дегеннің кім екенін танытты. Соңында айтарым, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу қиынға соғады».

«Абай жолынан» алған рухани нәр жанына сәуле құйған тағы бір студент Қатира Алтыбаева былай деп ой төгеді: «Ол кітапты оқығанда айналамдағы өмір ұмыт қалып, сол заманның оқиғаларын сырттай бакылап жүрген сияқтанатынымын. Кейде тіпті шолпыларым сылдырлап, жаз жайлауда, қыс қыстауда көшіп жүретін табиғаттың еркесіне де айналып,

қазақы ою-өрнектермен безендірілген үкілі сәукеле, қамзол киіп, сол заманда өмір сүргім келіп кететін». Қатира шығарманың көркемдік әлеуетін әдеби талғам талқысына салады. Тұшымды тоқтамдар жасайды. Ол қазақ әдебиетінің фактісін аса жақсы біледі. Көп шығарма оқыған.

Жандарбек Жұмағұлов Оралхан Бөкей шығармашылығымен толғанады. «Расында да Оралхан өз шығармаларында тек қазақы менталитетті, замана зобалаңын, қазақ баласына төнер қауіпті, өтіп кетер өткінші өмірдің өзекті өкінішіне айналған адамдар мінезінің қарама-қайшылығын, ақ пен қараның бігіспес күресін, өз заманының кескін-келбетін түрлі кейіпкерлерімен суреттей білді».

Гүлшат Лекерова Әзілхан Нұршайықұлының «Махаббат, қызық мол жылдар» романына тоқталады. Жазушы байқампаздығы, шығарма шынайылығы туралы тебіренісімен ой бөліседі. Меңтайға анасы сыйлаған кітапшадағы нақыл сөздердің өзінің де өмірлік ұстанымына айналғанын айтады.

Аяжан Байтемір көркем әдебиетті терең теңізге теңейді. Халқының бай әдебиетіндегі болмысы бөлек шығармашылық тұлға Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінен алған әсерімен бөліседі. «Әй, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау...», – деп ойын түйеді.

Мереке Керімжан Пауло Коуэлоның «Заһир» атты кітабын мән беріп, әдебиеттанушылық талғаммен, әлемдік аяда зерделеп отырып оқып шығыпты. Тосын, елеулі пікірлер айтады.

Бекзат Жұмамұрат осы автордың «Алхимик» кітабы туралы ой өрбітеді. «Менің алған әсерім соншалықты, өзімнің жолымды іздеп, Сантьяго сияқты жолға шыққым келді», – деп жазады ол.

Жансая Қалешева Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі, бас кейіпкер Аян тағдыры тұрғысында шығарманың реалистік сипатына ден қойып ой айтқан. Жансая эссесін былай деп аяқтапты: «Мен оқыған бір кітап осымен тоқтап қалмасы анық. Жалғасын табарына сенімдімін».

Студенттерінің жан әлеміндегі қайсыбір құндылықтарын сезіне түсуге қолайлы жағдай туғызған «ҚазҰУ студенті оқуы тиіс 100 кітап» жобасы аса бір қайырлы жоба болғанын шағын эсселерді қарап шығу барысында тағы да сезіне түстім.

Қанипаш МӘДІБАЙ,
филология, әдебиеттану және
алем тілдері факультетінің
профессоры, ф.ғ.д.



Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы туралы өзіндік пайымдаулары тым тартымды шыққан Назерке Лабихан: «Қазақ үшін қазақ әдебиетінен асқан бай мұра жоқ болар», – деген тоқтам жасайды. «Ұлпанды» талдауында Назерке шығармаға баға беруге бейімдігін байқатады.

Әйел теңсіздігі бағытында жазылған көпшілік туындыларда бостандық көксеген қазақ қызының тағдыры қайғылы өліммен аяқталатындығын айтып отырып, Ұлпанның өзінен көп үлкен адамға тұрмысқа шығуға жылап-сықтамай келісім беруі – шығарманың ең басты ерекшелігі деп қорытады. Кейіннен ел анасына айналған қазақтың қарапайым бір қызының о бастан ел жағдайын ойлағаны, сол себепті де қолында билігі бар, сөзі өтімді адамға тұрмысқа шыққаны, ақыл, сабыры мол әйелдің өмір өнегесі тұрғысында студент қозғаған ойлар өтімді.

Маржан Төлепбай Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясында баяндалған дәуір, кезең оқиғаларын қамтып отырып шығармаға өзіндік баға береді. «Қазақ

«Бұл туындыдан мен тек ата-бабаларымның көзсіз батырлығынан ғана емес, адамгершілік, адалдық туралы мол ақпар алдым», – деп ой түйеді.

Балнұр Омар қазақ әдебиетіндегі қадау-қадау шығармаларға орай ойларын жалпы кітап оқудың танымдық-тағылымдық маңызы туралы толғаныспен бастап өрбітеді. «Мен жастайымнан әдебиетке құштар болып өстім. Әкем мен әжем үнемі аңыз-әңгімелер айтып отырушы еді. Әкем он жасқа дейін ойдан шығарса да, сіңілім екеумізді күніге түнде ертегімен ұйықтататын... Осыған дейін жүз болмаса да, азды-көпті сексен кітаппен таныстым». Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Әзілхан Нұршайықов, Оралхан Бөкей, т.б. қаламгерлердің шығармашылық бағыты, көркем әдебиеттің тұлға қалыптастыру әлеуеті, шет ел әдебиетіне құмарлық қазақ әдебиетін оқуға деген ынтаға ықпал етпеуі керек деген студент ойлары кендік, ауқымдылығымен назар аударарды.

Талшын Сағитжанова Оралхан Бөкейдің шығармашылық даралығы тұрғысында өзіндік болжам-

МИР «АРДИ»

Каждый человек, приходя в мир, несет в себе частичку единой вселенной. Проект, инициированный ректором нашего университета Г.Мутановым «Айналанды Нұрландыр!», несет в себе посыл пропаганды нравственных ценностей, мира, добра и гуманизма.

Наша группа участников благотворительной акции в рамках данного проекта в составе преподавателей факультета философии и политологии профессором З. Исмагамбетовой, А. Карабаевой, Ш. Рысбековой, К. Борбасовой и докторантов специальностей «Культурология» и «Религиоведение» посетила Ассоциацию родителей детей инвалидов (АРДИ). Этот встреча оставила в нас глубокие впечатления и заставила нас еще раз переосмыслить человеческие ценности, смысл жизни и ряд многих морально-этических аспектов.

Мы были поражены огромной работой, которую проводит ассоциация. «АРДИ» была создана в декабре 1991 года группой родителей-энтузиастов, объединенных общей судьбой и стремлением помочь своим детям. Эта ассоциация — первая НПО для детей и молодежи с ограниченными возможностями в Казахстане. Она опекает 537 семей,

воспитывающих детей с ограниченными возможностями, 147 из которых передвигаются на инвалидных колясках. «АРДИ» выступает центром творческого и физического развития детей и молодежи с ограниченными возможностями. В центре работают начальная-подготовительная и общеобразовательная школа, ведется деятельность по физической реабилитации (ЛФК, массаж, тренажеры, бассейн, ФБУ, микрополяризация) и коррекционная помощь (педагог-дефектолог, логопед, психолог). Особое внимание уделяется творческим занятиям таким, как: театральная и танцевальная студии, журналистика, ИЗО, декоративное прикладное искусство. Также включена бытовая адаптация: кулинария, садоводство, культура поведения, гигиена жилища и усадьбы.

При реабилитационном центре «АРДИ» с 2006 года работает видеостудия «Новый мир», где ребята обучают



основам кино и видеопроизводства. Это возможность получения навыков в творческих специальностях. Студия создана выпускником Национальной академии искусств им. Жургенева Азизом Заировым. Его фильм «Зимние бабочки» в 2011 году победил в номинации «Лучший дебютный фильм» в рамках Grand-Prix фестиваля «Кино против боли». В 2014 году руководителем студии А. Заировым совместно с Мухамедом Мамырбековым был представлен фильм «Быть или не быть?», показывающий нам интерпретацию Гамлета наших дней. В этих фильмах, в которых отражены проблемы инвалидов-колясочников, актерами являются ученики центра. Образ главных героев — это люди, нашедшие в себе мужество взять на себя ответственность за свою судьбу. А. Заиров пытается обратить взгляд на внутренний мир героев фильма, на их переживания и ощущения жизни с верой в прекрасное будущее и надеждой на лучшее. И, конечно, в первую очередь это фильмы о любви к жизни и ее ценности для человека.

Также в ассоциации нам дали возможность побеседовать с молодежью во время их занятия. Докторанты кафедры, вовлекаясь в активный разговор с ребятами центра, описали особенности их научной специализации, роли

культурной и религиозной антропологии. В процессе беседы было задано немало вопросов о включенности молодых людей с ограниченными возможностями в образование.

Во время беседы и знакомства с деятельностью ассоциации, пришло глубокое осознание необходимости и важности социализации, самореализации всех членов общества вне зависимости от возможностей кого-либо, что ставит перед нашим социумом новую задачу. Эта задача заключается в социальной модели понимания инвалидности. Интеграция людей с ограниченными возможностями в общество не должна проводиться по «диагностическому» признаку, быть узконаправленной на то или иное отклонение или заболевание, а также осуществляться в закрытых специальных учреждениях в соответствии с «болезнью». Обществу необходимо преодолеть негативные установки, устаревшие стереотипы в отношении инвалидности, изжить их, и предоставить людям с инвалидностью равные возможности полноценного участия во всех сферах общественной активности.

А. ТАНАБАЕВА,
докторант 1 курса
кафедры культурологии и
религиоведения



■ ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Мына өмірде жүрегіңде,
Бойыңда ыстық қан барда,
Болмысты да, болмасты да
Болады деп арманда, — деп ақиық
ақын Мұқағали атамыз жырлағандай, бәрі
де армандаудан басталады. Армансыз адам
— қанатсыз құспен тең. Менің арманым —
журналист болу. Бала күнінен шығарма
жазуға, сөйлеуге жақын болдым. Теледидардан
жаңалықтар мен түрлі бағдарламалар көріп,
өздігімше сараптап, көңілге түйіп отырамын.
Жүргізушілердің дауыс ырғағына, сөйлеу мәнеріне
мен беріп, тәнті болатынмын. Үлгі тұтар
жүргізушім — Гүл Наз Әлімгерей.

Журналист — қарапайым халық сөзін
сөйлейтін, тек шындықтың жағында жүретін
адам. Ол — сөзге шешен, ойы ұтқыр, адамдармен
тез қарым-қатынасқа түсетін қарапайым болуы
керек деп ойлаймын.

Менің арманым — тек қана журналист
болу емес, қоғамға керекті, елімізге еңбегі сіңер,
атқарған жұмысымен үлгі болар, нағыз кәсіби
маман атану. Мен осы мамандықты игеру
мақсатында аянбай еңбек етуге дайынмын.
Бүгінгі күнде журналистиканың қыр-сырын
толық білсем де, бұл жолда өз ісімді қалдыру,
білікті де білімді мамандардың қатарында болу —
мен үшін үлкен арман. Ал арман адамды баулып,
үлкен бір асуларға жеткізетін дүние ғой.

Болашақ кілті біздің, яғни Мәңгілік ел
ұландарының қолында. Мен еліміздің дамуына,
өркендеуіне өз үлесімді қосуды мақсат етемін.

Талапкер Гүлзат ҚАНИБАЕВА,
А. Тоқмағанбетов атындағы
№135 орта мектеп

Қоғамда қандай жұмыстар жасалмасын, қандай іс-шаралар өткізілмесін, оларды ұйымдастырушы, жүзеге асырушы — қарапайым ғана адамдар. Бірінші кезекте, қоршаған орта мен қоғамға жаңа игі өзгерістер әкелуді қалайтындар, өздерінің сол ортаның мүшесі екендігін сезіне отырып жақсылық жасаушылар.

ҚОҒАМ ЖАНАШЫРЫ — ЕЛДІҢ НАҒЫЗ АСЫЛЫ

Сонымен қатар жасаған
жақсылығы мен атқарған
жұмысы үшін ақы сұрамайтын
жандар. Осындай жандардың
бастамасымен біздің оқу
орнымызда құрылған еріктілер
клубының бірі — «Үміт сәулесі».
2011 жылы тұсауы кесілген клуб
құрамында жай ғана еріктілер емес,
әлеуметтік және де психологиялық
көмек беруді, қолдау көрсетуді,
кеңес беруді басты міндетіміз деп
білетін болашақ әлеуметтік педагог
мамандар бар. Клуб осы уақытқа
дейін атаулы күндерге орай түрлі
мерекелік, қайырымдылық
шараларын, сенбіліктер, т.б. іс-
шаралар өткізіп келеді.

Тағы бір айта кететіні, «Ардагер-
лер үйіндегі» қарттарымызға
арналған мерекелік шаралар
мен сенбіліктер. Айтулы бір
мерекелерде немесе әкімшілікпен
келісе отырып, студенттеріміз
қазыналы қарттардың бөлмелерін
жиыстырып, олармен әңгімелесіп,
сырлары мен шерлерін тындап,
қарттарға сұранысы бойынша
кітап, газет-журнал оқып береді.
Мұндай шаралар студенттерге
ұнайды, айтуларынша көп
нәрседен хабардар болуға
мүмкіндік береді екен.

Мұның бәрі «Айналанды
нұрландыр» жобасы аясында
студенттердің қалауы, ұйым-

дастыруы, еріктері бойын-
ша атқарылуда. Сонымен
қатар еріктілер қозғалысының
мүшелері мен өзге де клуб
мүшелері университет, факультет
көлеміндегі іс-шараларға да
белсенді атсалысып келеді.

Мұндай шаралар студенттерді
ұйымдастыру қабілетімен қатар,
шығармашылыққа шынықтырса,
сол студенттерге қарап кейінгі
буын өкілдері де үлгі алып, қоғам
жанашыры болып өседі деп
сенеміз.

П.Т. АБДУЛЛАЕВА,
п.ф.к., аға оқытушы;
А.Қ. АРХАБАЕВА,
1-курс магистранты

Салауатты өмір салтын ұстанатын ҚазҰУ жастары көрікті табиғатымен ерекшеленетін Іле Алатауының Мохнатка тауына шығып қайтты.

Мохнатка тауына шықты



Суретті түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Теңіз деңгейінен 2250 метр биіктікте орналасқан тауға сапарды журналистика факультетінің 4-курс студенті Досжан Балабекұлы

ұйымдастырды. Биікке шығу сапарында ҚазҰУ-дың Жастар ұйымдары комитетінің бас хатшысы Ақбота Салғараева мен әлеуметтік

жұмыс мамандығының 3-курс студенті Айнұр Жомартқызы ерекше табандылық көрсетіп, межелеген биікке сәтті жетті.

Мохнатка - Кіші Алматы шатқалы маңында орналасқан биік жота. 2011 жылғы боранды дауыл мен орман өртінің салдарынан таудың қайталанбас табиғаты бүлініп, тау ажарынан айырылып қалған. Биіктігі орташа болса да, шығуда кездесетін қауіп көп.

Шағын ғана тау жорықта толық сүріліп алынбаған ағаштар, қаулап өскен қалың флора шығу мүмкіндігін барынша тежей түскен. Бірақ, қатысушылар бұл қиындықтарға төзе білді. Табандылық пен төзімділік таудың биік нүктесіне сәтті шығуға септігін тигізді. Жастар сол биікте тұрып, еліміздің көк туын желбіретіп, «ҚазҰУ-дың дәрежесі биіктей түссін», — деп тамаша көңілдерімен бөлісті.

Асылзат ҚАБЫЛБЕК

Адам баласы жалпы оқу, іздену, бір-бірімен сұхбаттасу барысында өз көзқарасын қалыптастырып, дамытып отыратыны белгілі. Сіздермен сондай бір кездесу барысында туындаған ойыммен бөліскім келеді.

ОЙДЫ ОЙ ОЯТАДЫ...

Бұл ҚазҰУ-да доцент М.Е.Мансуровадан кеңес алып отырған сәт еді. Мадина Есімханқызымен пікірлесу кезінде ойыма «Өз-өзінді сынай білесің бе?» деген өте қызық сұрақ келді. Осы сұрағымды өзімнің жас әріптестеріме қойып едім, олар ойланап қалды. Өйткені, мұндай ой бұрын бізде болмапты. Ең бірінші болып мен өзімді сынап бердім, яғни әр фактор бойынша өз-өзімді бағаладым. Содан кейін жас әріптестерім — Ж. Меренбаев, А. Бурлибаев және тағы басқалар жалғастырды. Былай қарағанда оңай сияқты болып көрінгенімен, іс барысына келгенде қиынырақ болып шықты. Себебі, біреуді сынаған оңай да, өзінді сынау қиын екен...

Мәселен, адам өзін-өзі 6 фактор арқылы сынау керек екен. Олар:

1. Бойы биік болу керек;
2. Келбеті келісті болу;
3. Денсаулығы мықты болу;
4. Ойы озық болу керек;
5. Қажырлы қайрат қажет;
6. Тапқырлық қасиет керек.

Негізінен алғашқы үш факторды Аллаһ тағала береді екен, ал қалған үшеуін адам баласы оқу, іздену арқылы өзі дамытуы тиіс.

Осы келтірілген факторлар бізге үлкен ой салды. Себебі, біз, адамдар елді көп сынамаймыз, біреуді жамандаймыз, мақтаймыз, бұл қисынға келіп тұр ма, жоқ па өзіміз білмей қаламыз. Сондықтан, ең бірінші өзінді сынап, бағалай білу керек.

Ал төртінші мен алтыншы факторға келсек, олар бір-біріне ұқсас деп айтуға болады. Өйткені ойы озық болу мен тапқырлық қасиетті адам оқу-білімнің арқасында дамытады. Сол үшін біз, жастар ерінбей оқып, көп ізденуіміз керек, сонда өмірде көп жағдайлардан қиналмай шыға аламыз.

Адам, негізінен, өмір бойы оқуы тиіс деген қағиданы дұрыс деп есептейміз. Себебі адам көп оқыған сайын жасарып, көркейе түседі, өз-өзін жас сезінеді. Мысал ретінде доцент Мадина Есімханқызын айтуға болады. Мадина Есімханқызы білім саласында биік жетістіктерге жеткеніне қарамастан, әлі ізденуде, өз білгенін жастарға жеткізуде, жаңа технологияны олардан артық білмесе, кем білмейді. Биік жетістіктерге қол жеткізген тұлғаларға қарап, біз алға ұмтылуымыз керек. Себебі, адам өз-өзіне талап қойып, өзінен жоғары, озық жандарға еліктемесе, өспейді. Ал, өзін өзінен төмен адамдармен салыстыру ешқашан алдына биік мақсат қоюға ықпал жасамайды. Бұл жерде біз дана Абай айтқан оқу, білім, ғылым жөнінен озуды айтып отырмыз.

Сондай-ақ адам баласының шыдамды, төзімді, салқынқанды болып, өз-өзін ұстай білуі де аса маңызды. Сол себепті адамның бойында қажырлы қайраттың болғаны өте дұрыс. Қажырлы қайрат арқылы көздеген мақсатқа жетуге болады. Сондықтан қиын жағдай туындағанда күйзеліске түспей, бәрін сараптап, бағалай білген жөн.

Кеңес алу барысында осылай кенеттен ойға келген сұрақ ойдан ой туғызды!

Ж.Е. ТЕМІРБЕКОВА,
механика-математика факультеті

ФОТОСЫН САФАТЫ ҚАЗҰУ-ДА ӨТТІ

«Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен ай сайын өткізілетін фотосын сағаты ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің Қожакеев атындағы 230-залда өз жалғасын тапты. Бұл жолы Қарағандыдан арнайы шақырылған, белгілі пейзаждық фотошебер Ерболат Шадрахов сыңға түсті. Кездесуге ардагер фототілші Нұрманбет Қызатов, кәсіби фотограф Максим Золотухин, бокстан бұрынғы жаттықтырушы Асылбек Фазизов, бірлестік мүшелері, фотографтар, Алматы полиграфия колледжінен өнертанушы және жас мамандар қатысты.

Ерболат Шадрахов — Қарағанды облысы, Теміртау қаласының «Сплав» халық фотоклубының мүшесі, еркін фотосуретші.

Фотошебер кең байтақ еліміздің әсем табиғатынан сыр шертер туындыларын ұсынды. Мәселен, Үстірт шоқысы, Бектау-ата, Алтай таулары, Каспий теңізі, Қарқаралы, Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Сабындыкөл сынды мекендер мен тарихи орындарды әсерлі түсірген. Тіпті кейбір суреттері қыл қалам шеберінің қолынан шыққандай. Бір көріністі әр мезгілде түсіріп, әр түрлі қырынан көрсете білген. Панорамалық суреттері де көз тартарлық. Композициялық үйлесімділік, жер мен көктің тепе-теңдігі барлығы да сәтті шыққан. Жаңбырдан кейінгі көріністерді, тұман, кемпіркөсак, ашық аспан, жаймашуак күнді, ақша бұлттарды



шынайы көрсете білген. Бір байқағанымыз, фотограф табиғат көріністерін адам, ұшқан құс пен жүгірген аң, көлік сияқты өзге де бөлшектермен байланыстырғанды жөн көрмейді. Тек фотографияның ерекше пейзаждық жанрын жанына серік етіп, тылсым табиғатқа тіл бітіріп, сөйлеткендей болады. Жылдың қай мезгілі болсын, соның әрбір құбылысын шынайы шеберлікпен көрсете білген. Әсіресе, күз, қыс, көктем мезгілінде суреттер түсіргенді ұнататынын өзге тиек етті.

Жас фотографтарға да үлгі болар, көрерменін тарта білетін туындылар өз қатарын толықтыра бермек. «Армансыз адам канатсыз құспен тең» демекші, шебер фотографтың арманы қиын жанрлардың бірі — түнгі түсірілімді игеру, оның қыр-сырын меңгеріп, халыққа ұсыну.

Қиындығы мен қызығы мол

мамандыққа бала кезінен қызыққан фотографтың әрбір жұмысы әсерлі, сәтті шыққан. Әрине, бұл үлкен еңбектің, көп жылғы жұмыстың нәтижесі. Шара соңында Ерболат Шадрақовқа «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің мүшесі күәлігін төраға Асылхан Әбдірайымұлы тапсырды. Сонымен қатар фотограф Ардақ Төлеубай мен Азамат Айымбет те бірлестік мүшелігіне қабылданды.

Шараның мақсаты фотографтардың туындыларына сынай баға бере отырып, кемшіліктерді айту, сапалы суреттердің санын арттыру, жас буынды тәрбиелеу болды. Игі бастама өз жалғасын таппақ.

Назерке СӘНДІБЕК,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Ақмарал ҚУАНЫШЕВА, Рүстем АБРАЕВ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілшілер: **Талғатбек АСАНОВ, Азамат БУЛАТОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Талпырыс №531

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.